

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 229 "Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастырудың және функцияларын жүзеге асырудың қағидаларын бекіту туралы" және 2015 жылғы 20 қарашадағы № 707 "Мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен объектілер құрылысының құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы" бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 27 маусымдағы № 232 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 1 шілдеде № 36367 болып тіркелді.

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастырудың және функцияларын жүзеге асырудың қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 229 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10795) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастырудың және функцияларын жүзеге асырудың қағидаларында:

10-тармақтың 12) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"12) осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құрылыс аумағын дайындауға (игеруге) және объектіні пайдалануға енгізуге арналған жиынтық сметада жобалау-сметалық құжаттамада көрсетуге жатпайтын, құрылыс аумағын дайындауға (игеруге) және объектіні пайдалануға беруге қажетті қаражат көлемін айқындайды."

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**2-тармақтың күшін жою көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 15.05.2026 № 239 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. "Мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен объектілер құрылысының құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 707 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12527 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен объектілер құрылысының құнын айқындау қағидаларында:

7 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Объекті құрылысының құнына мынадай:

1) жоба алды құжаттамасын (техникалық-экономикалық негіздемелерін) әзірлеу және сараптама жасау бойынша;

2) салалық шығындар шеңберінде реттелетін инвестициялық жобалар бойынша;

3) құрылыстың сметалық құны.";

3 тараудың тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"3 тарау. Салалық заңнамалық нормалар шеңберінде реттелетін инвестициялық жобалар бойынша шығындарын айқындау";

14 тармақтың бірінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"14. Салалық заңнамалық нормалар шеңберінде реттелетін инвестициялық жобалар бойынша шығындар құрамына мыналар кіреді:".

3. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Өнеркәсіп және құрылыс министрі*

*Е. Нагаспаев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі